

ТӨРАҒА БАСҚАРМА БАСШЫЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ



Осы орайда, мәслихат төрағасы кеше бірнеше басқарма басшысын қабылдады. Атап айтқанда, облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының уақытша міндетін атқарушы Қуаныш Асановтың атқарылған жұмыстар туралы ақпаратымен танысып, алдағы жоспарларды талқылады. Басқарма өкілі аудан, қала әкімдіктері тарапынан берілген мәліметтерге мониторинг

жүргізіліп, 604 заңсыз құрылыс анықталғанын баяндады. 9 айдың қорытындысы бойынша «Сәулеттік жобалар бойынша» 8 мәжіліс ұйымдастырылып, 87 эскиздік жоба қаралған. Жалпы облыс бойынша 801 елді мекен болса, соның 794-і бас жоспармен қамтылған. Қалған 7 елді мекеннің бас жоспарларын жылдың соңына дейін әзірлеу жоспарланған.

Сондай-ақ, қала мен аудан орталық-

тарының сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында сәулеттік келбеттің дизайнын (дизайн код) әзірлеу бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, Нұралы Әлмаханұлы облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының есебін тыңдады. Басқарма басшысының орынбасары Нұрлан Жаңабегереновтің айтуынша өңірде жыл басынан бері жалпы сомасы 293,8 млрд. теңгені

Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы Нұралы Әбішев басқармалар тарапынан атқарылған жұмыстармен танысып, алдағы жоспарларды талқылады. Басты мақсат – басқармалармен байланысты одан әрі нығайтып, ортақ мақсаттарға қол жеткізу.

құрайтын мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталған. Бұдан бөлек, талдау жұмыстарының нәтижесінде, облыста мемлекеттік сатып алудың бір көзден сатып алу тәсілі арқылы жыл басынан Заң талаптарына сай келмейтін жалпы сомасы 8,2 млрд. теңгені құрайтын 263 келісімшарт негізсіз түзілген.

Сол секілді мәслихат төрағасына облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы басшысының орынбасары Дәулетқұл Тайшман өңірдегі құрылыс нысандарын қадағалау бойынша атқарылған жұмыс қорытындысы туралы есеп берді. Басқарманың мәліметінше, құрылыс саласында лицензия алуға, қайта тіркеуге қатысты барлығы 613 өтініш қабылданып, 291-і қанағаттандырылса, 219-ы дәлелді бас тартылған. Оның ішінде, лицензия алуға қатысты 151 өтініш тіркеліп, 42 өтініш бойынша дәлелді бас тартылса, 109 өтініш қанағаттандырылған. Осы жылдың 10 айында 1282 нысанның құрылыс-монтаждау жұмыстары басталып, бақылауға алынған. Оның 212-сі бюджеттік, 216-сы инвестициялық жоба, 854-і жеке кәсіпкерлік нысан.

Өз кезегінде мәслихат төрағасы Нұралы Әбішев тиісті басқармалардың атқарған жұмыстарындағы мәселелерді атап өтіп, алдағы уақытта тиімді жоспарлауды ұсынды.

Мұрат Тлеубердиев,
Түркістан
облысының
прокуроры:

«ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП - ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН СЕНІМ НЕГІЗІ»



– Мұрат Әжинұрұлы, Мемлекет басшысының әр жолдауы – елдің ертеркіне берілген бағдар іспетті. Осы стратегиялық құжатта елдегі басты қағиданың бірі ретінде «Заң мен тәртіптің» белгіленгені белгілі. Тапсырмалардың орындалуы көңілден шыға ма?

– Биылғы Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң және тәртіп» – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры. Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. ...Сонда ғана елімізде құқық бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болады» деп барлық дамудың бастауында заң мен тәртіп тұратынын айтты. Расында заң салтанат құрмаған, тәртіп сақталмаған мемлекеттің ілгері басуы қиын. Сондықтан прокуратура да бұл қағиданы басшылыққа ала отырып, көптеген іс-шараларға бастамашы болып келеді.

Күнделікті тәжірибе көрсеткендей мемлекеттегі заңсыздық пен құқық бұзушылықтың дені хабарлама-ны тіркемеумен тікелей байланыс-ты. Қылмысты жасырудың, азамат-тарды негізсіз қылмыстық жауап-кершілікке тартудың соны жалпы әділдікке деген көзқарасты күйрете-ді. Мысалы, Түркістан ҚІБ қызмет-керлері бір азаматшаның арызы негізінде «Дем» дүкенінің сатушы-сына қатысты қылмыстық іс баста-ған. Арызданушы сатушыны қас-садан қомақты сомада ақша қаража-тын жымқырды деп көрсеткен. Про-куратура қадағалау тәртібінде осы іске араласып, сатушыға қатысты қылмыстық істі тоқтатты. Себебі, тергеу органымен Бас прокурордың Нұсқауының және ҚІБ-нің қыл-мыстық істі тіркеуге қатысты талап-тары бұзылған, яғни арыз иесімен аудиттік тексеру, ревизия қорытын-дысы, залал сомасын растайтын құ-жаттар ұсынылмаған. Егер әрбір адам қанша ақша жоғалғанын біл-мей тұрып, кімнің жымқырғанына көзі жетпей тұрып полицияға арыздана берсе, әрі оны полиция сүзгіден өткізбей тіркеп, тексеретін болса, айналамызда заңға, құқықтық құрылымдарға өкпелі жандардың саны көбейе бермей ме? Бұл – мемлекеттің құқықтық саясатына ғана емес, азаматтардың мүддесіне қарсы жасалған қадам.

Дәурен ТІЛЕУХАН.

(Жалғасы 2-бетте).

АЛАНИЯ АСПАНЫН ЖАҢҒЫРТҚАН ӨНЕР

Жуырда Түркістан облысының тумасы, белгілі күйші, ұстаз, шертпе күйдің аса көрнекті өкілі Жанғали Жүзбай Түркияның Алания қаласында Ысмайыл Гаспралы атындағы халықаралық сыйлықпен марапатталды. Биылдан бастап «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін» деген бұрынғы атаудың орнына «Ысмайыл Гаспралы сыйлығы» мәртебесі енгізіліп, ғалымдар мен өнер иелерінің еңбегін қолдауға бағытталды.

Айта кетейік, алғашқы лауреаттар қатарында Түркі дүниесі бойынша Өнер Қожаман, қызмет саласы бойынша Түркия көлік министрі Абдүлкадир Уралоглу, журналистика саласында Анадолы агенттігінің бас директоры Сердар Қарағөз, әдебиет бағыты бойынша ТҮРКСОҰ халықаралық ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев, білім саласында профессор Закир Авшар, өнер аталымында қазақтың көрнекті күйшісі Жанғали Жүзбай, дипломатия саласында Мевлүт Чавушоғлу мен Африм Гаши, ғылым бойынша профессор Ахмет Аланай, журналистика аталымында Палестинадан Сами Мұхаммед Шәһаде, ал медиа саласында Михаил Гусман бар.

Бұл есімдер бүгінгі түркі әлемінің рухани дамуына ықпал етіп жүрген тұлғалардың легі десек артық емес. Осындай беделді биікте қазақтың қара домбырасы күмбірлеп, ұлттық өнердің биік үнін танытқан Жанғали Жүзбайдың марапаты – тұтас қазақ күйінің, қазақ

өнерінің жеңісі екені соның айқын дәлелі.

Ақжолтай жаңалықпен құттықтай хабарласқанымызда мәртебелі өнердің дегдары Жанғали ағамыздың өзі де Алания, Анкара қалаларына жасаған сапары жайлы аз-кем пікірін білдірді:

- Осы жолы Түркияға жолым түсті. «Ысмайыл Гаспралы» сыйлығын алдым, ары қарай Түркияның астанасы Анкара қаласындағы ТҮРКСОҰ орталығына шақырту алдым. ТҮРКСОҰ халықаралық ұйымының бас хатшысы «ТҮРКСОҰ мадалиясы» атты төсбелгі тапсырды. Оған да ерекше қуанып қалдым. Осы іс-шаралардың басында ұстазымыз, профессор, қоғам қайраткері Дүйсен Қасейінов жүрді. Осылайша, ойламаған жерден марапатқа ие болып, қуанып қалдым. Күй өнеріне, домбыраға деген Түркі дүниесінің ықыласы шығар деп қабылдадым. Сондай-ақ, Тәттімбет Қазанғапұлының 210 жылдығына орай Аланияда, Анкарада концерт бердік. Күй кеші болды. Күй салтанат құрған кешке



шәкіртім Қайрат Айтбаев қатысты. Осындай жақсы жаңалықтар мен керемет көңіл-күймен қайттық, - дейді күйші.

Естеріңізге сала кетейік, түркі әлемінің рухани тұтастығын, мәдени байланыстарын нығайтуға бағытталған аса мәртебелі марапат иегері 1961 жылы Түркістан облысы, Созақ ауданының Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Сондай-ақ, Жанғали Жүзбай 1985 жылы Жезказған музыкалық колледжін, 1990 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын тәмамдаған. Кәсіби білімін Сүгірдің көзін көрген шеберлерден алған тағылымымен

ұштастырған ол Ергентай Борсабаев, Файзолла Ұрмұзов, Сейітхан Әлімбеков, Төлеген Момбеков, Генерал Асқаров сынды ұстаздардан шертпе күй дәстүрін терең меңгерді.

Сүгірдің көптеген күйлерін нотаға түсіріп, таспаға жаздырып, оның мұрасын ғылыми әрі кәсіби деңгейде кеңінен насихаттап келе жатқан тұлғалардың бірі. Қаратау мектебімен қатар Арқа дәстүрін де дәріптеп жүрген күйші бүгінде Қазақ ұлттық өнер университетінде профессор.

БАСПАСӨЗ - 2026



газетіне жазылу
жүріп жатыр

Қадірлі оқырман! 2026 жылдың бірінші жарты - жылдығына баспасөзге жазылу жүріп жатыр. Жергілікті басылымды алып, оқығыларыңыз келсе газет бағасын назарларыңызға ұсынамыз:

“Түркістан” газетінің
редакциясы арқылы
“Түркістан” газетіне
(индекс: 65844)
6 айға - 2994 теңге
1 жылға - 5988 теңге

“Қазпошта” АҚ:
“Түркістан” газетіне
(индекс: 65844)

6 айға - 4181,42 теңге
Заңды тұлғаларға
6 айға - 5368,58 теңге

“Қазпошта” АҚ:
“Түркістан” газетіне
(индекс: 65844)

1 жылға - 8362,84 теңге
Заңды тұлғаларға
1 жылға - 10737,16 теңге

“Ернұр-пресс” ЖШС:
“Түркістан” газетіне
(индекс: 65844)
6 айға - 3606,00 теңге

“Экспресс пошта”
ЖШС:

“Түркістан” газетіне
(индекс: 65844)
6 айға - 3594,8 теңге